

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алыш тастау негіздерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қазанда № 30099 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 22.06.2023 № 181 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алыш тастау негіздері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министре жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндеттін атқарушы

Ш. Каринова

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің м.а.

2022 жылғы 7 қазандагы

№ 417 бұйрығымен

бекітілген

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алыш тастау негіздері

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – КР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.04.2023 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алыш тастау негіздері (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) жүргізу тәртібін, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алыш тастау негіздерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 19.03.2025 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұйымдар:

1) әкімші - Тізілімді жүргізуді жүзеге асыратын және білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын занды тұлға;

2) білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - ББ) - оқытуудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін үйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

3) өтініш беруші - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім ББ іске асыратын білім беру үйимы;

4) білім беру бағдарламаларының тізілімі – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдары (бұдан әрі – ТжКОББ) әзірлеген ББ қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру обьектісі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Оқу-ағарту министрінің 19.03.2025 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тізілімге кіру Интернет желісі арқылы ұсынылады.

4. Тізілімде қамтылған мәліметтер мұдделі тұлғалардың танысусы үшін ашық және қолжетімді болып табылады.

2-тaraу. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу тәртібі, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізуудің және алыш тастау негіздері

5. Тізілімді жүргізууді әкімші электрондық түрде жүзеге асырады.
6. Тізілімді жүргізу қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.
7. ББ Тізілімін жүргізу төрт кезеңде жүргізіледі:
 - 1) білім беру ұйымының Тізілімде электрондық түрде толтыруы:
 - Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тізілімге енгізуге арналған өтінімдер (бұдан әрі-өтінім);
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жалпы мәліметтер;
 - Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес құзыреттер тізбесі;
 - Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес модульдердің (пәндердің) мазмұны мен көлемі;
 - 2) әкімшінің ББ алғашқы сараптамасын жүргізу, өтініш берушіге пысықтауға жолдау (ескертулер болған жағдайда);
 - 3) сараптама тобының ББ сараптамасын жүргізуі, өтініш берушіге пысықтауға жолдауы (ескертулер болған жағдайда);
 - 4) бағдарламаны Тізілімге енгізу немесе әкімшінің өтінімді қабылдамауы.
8. ББ Тізілімге енгізу үшін өтініш беруші өтінімді және ББ нысандарын оқыту тілінде толтырады және әкімшіге жібереді.
9. Өтінім келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әкімші ББ алғашқы сараптамасын жүргізеді, оған мыналар кіреді:
 - 1) ББ нысандарын толтырудың дұрыстығын тексеру;
 - 2) білікті жұмысшы кадрларды, орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврларды даярлау бөлігінде Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкестігін бағалау;
 - 3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрекшімен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігін бағалау (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 29031 тіркелген);
 - 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бүйрекшімен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына сәйкестігін бағалау (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 17564 тіркелген);

5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 31666 тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігін бағалау.

Әкімші ББ-ның бастапқы сараптамасының нәтижелері бойынша келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) сараптама тобының қарауына жіберілсін;
- 2) себебін көрсете отырып, өтініш берушіге пысықтауға (екі рет) жіберілсін;
- 3) ББ алғашқы сараптамасында бас тартуға негіз анықталған жағдайда алдын ала қабылдаудан бас тарту жіберілсін.

Әкімші өтініш берушіні одан әрі сараптаудан бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіні алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Әкімші өтініш берушіні тыңдау туралы сараптама жүргізу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабардар етеді. Тыңдау Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің 73-бабының 1-тармағына сәйкес хабарланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Оқу-ағарту министрінің 19.03.2025 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өтінім беруші ББ пысықтауды әкімші жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

11. Әкімші пысықтаған ББ келіп түсken күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тексеруді жүргізеді. Ескертулер жойылған кезде ББ әкімшісі сараптама тобына сараптамаға жібереді. Осы Қағидалардың 9 тармағына сәйкес әкімші бұл туралы ескертулерді жоймаган кезде қабылдамайды.

12. Білім беру бағдарламаларына сараптаманы ТЖКОББ мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктер ұсынған сараптамалық топтар жүргізеді.

13. Сараптама тобының құрамына мәлімделінген бағдарлама шенберінде біліктілік санаты/дәрежесі және кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша біліктілігі бар, білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, WorldSkills (Ворлдскилс) стандарттарын және кәсіптік стандарттарды білетін педагог және кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар ұйымнан (кәсіпорыннан) маман тартылады.

"Қауіпсіздік қызметі", "Гигиена және өндірістегі еңбекті қорғау" бейіні бойынша педагогтерді тарту үшін арнайы немесе әскери атақ немесе сыныптық шен талап етіледі

Сараптама топтарының құрамы әкімшінің бұйрығымен бекітіледі.

14. ББ сараптамасын жүргізу үшін әкімші сараптама жүргізудің тәртібі мен өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді.

15. Сараптама тобы ББ мазмұнын:

1) ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестігіне;

2) кәсіптік стандарттарды (бар болса), WorldSkills (Ворлдскилс) кәсіптік стандарттарын (бар болса) қолданылуына;

3) біліктілік бойынша кәсіби қызметтің кәсіби құзыреттеріне сәйкестігіне;

4) әрбір модуль/пән бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттеріне сәйкестігін тексереді.

16. ББ сараптау нәтижелері бойынша сараптама тобы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ББ Тізіліміне енгізу үшін ББ мақұлдансын;

2) ББ пысықтауға жіберілсін (екі рет);

3) бас тарту себебін көрсете отырып, ББ қабылдамаудан бас тартылсын.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 19.03.2025 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. ББ мақұлдау туралы сараптама тобының шешімі әкімшіге жіберіледі және сараптама тобынан шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Тізілімде орналастырылады.

18. Сараптама тобының ББ пысықтау туралы шешімі әкімшіге жіберіледі және сараптама тобынан шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей әкімші өтініш берушіні хабардар етеді.

Өтініш беруші әкімшіден хабардар етілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ББ пысықтайды және қайта сараптамаға жібереді.

19. Сараптама тобына өтініш берушіден пысықталған ББ түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей анықталған ескертулерді жою мәніне тексеру үшін қайта сараптама жүргізу жүзеге асырылады.

Егер анықталған ескертулер жойылмаса, сараптама тобы ББ қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

20. Өтініш беруші Әкімшінің бекіткен бағалар прейскуранты бойынша өтініш берушінің қаражаты есебінен ақылы негізде ББ сараптамасын жүргізуге мынадай жағдайларда өтінім береді:

1) бөлінген бюджет қаражатының болмауы;

2) қайта сараптама, қабылданбаған өтінім;

3) ТЖКОББ ұйымының бастамасы бойынша.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 19.03.2025 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Өтініш берушінің ББ сараптамасын жүргізуге осы өтініш берушіде еңбек қызметін жүзеге асыратын сарапшы жіберілмейді.

22. Сараптама тобының он қорытындысынан кейін ББ тіркеу номіріне сәйкес QR (Кюар) кодын бере отырып, Тізілімге енгізіледі.

23. Тізілімдегі ББ жаңартуға жыл сайын жол беріледі. Өтініш беруші құжаттарды жібереді және осы Қағидаларға сәйкес жаңартылған ББ сараптама жүргізеді.

ББ әкімші келесі жағдайларда сараптама жүргізбей жаңартады:

1) қолда бар оқыту нәтижелерін және модульдер блогы (пәндер циклі) бойынша кредиттердің жалпы санын сақтай отырып, модульдің кредиттердегі (пәннің) еңбек сыйымдылығы көлемінің өзгеруі;

2) модульдер блогы (пәндер циклі) бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы санынан оқыту нәтижелерін 25% - дан асырмай өзгерту немесе қосу;

3) құзыреттердің 25% - дан асырмай өзгертуі;

4) мәтінді техникалық түзету.

24. Әкімшінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен реттеледі.

25. ББ Тізілімнен алып тастау әкімші келесі негіздердің бірі болғанда жүргізеді:

1) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес өтініш берушінің өтінімдері;

2) білім беру саласындағы уәкілетті органның реңми ұсынылған ақпараты және (немесе) заңды құшіне енген сот шешімі негізінде өтініш берушіні даярлаудың тиісті бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиядан, лицензияға қосымшадан айыру;

3) бағдарламаның өзектілігін жоғалту (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы);

4) өтініш берушінің ББ іске асырудан бас тартуы.

2) бағдарламаның өзектілігін жоғалту (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы);

3) өтініш берушінің ББ іске асырудан бас тартуы.

Техникалық және кәсіптік,
орталық білімнен кейінгі білім
беру үйимдары іске асыратын
білім беру бағдарламаларының
тізілімін жүргізу қағидаларына,
сондай-ақ білім беру
бағдарламаларының тізіліміне
енгізу және алып
тастау негіздеріне
1-қосымша

Үлгі

Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

(білім беру ұйымының атауы)

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандығы

(коды, атауы), біліктілік(тер) _____
(коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: бар/жоқ

Басшы _____ тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Орындаушы _____ тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Ұялы телефон _____ Электрондық пошта мекенжайы _____

Техникалық және кәсіптік,
орталық білімнен кейінгі білім
беру ұйымдары іске асыратын
білім беру бағдарламаларының
тізілімін жүргізу қағидаларына,
сондай-ақ білім беру
бағдарламаларының
тізіліміне енгізу және алып
тастаяу негіздеріне
2-қосымша

Үлгі

Жалпы мәліметтер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оку-агарту министрінің 19.03.2025 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыйғымен.

Өтінімнің түскен күні	...
Өтінімнің нөмірі	...
ББ Тізілімде тіркелген күні	...
ББ тіркеу нөмірі	...
Білім беру бағдарламасының коды	...
Білім беру бағдарламасының жаңартылған күні	...
Өнір	...
ТжКОББ ұйымы	...
Әзірлеуші әріптес (жұмыс беруші)	...
Білім деңгейі	...
Даярлық бағыты	...
Даярлық мамандануы	...
ҰБШ бойынша деңгейі (Ұлттық біліктілік шенбері)	...

Мамандық коды және атавы	...
Біліктілік(-тер) коды және атавы	...
Білім беру бағдарламасының мақсаты	...
Кәсіптік стандарт (бар болса)	...
Кәсіп карточкасы	...
Еңбек функциясы	...
Дағдылар	...
Білім	...
Машықтар	...
WorldSkills (Ворлдскилс) кәсіптік стандарты (бар болса)	...
Оқыту түрі	...
Білім базасы	...
Оқыту тілі	
Кредиттердің жалпы көлемі	...
Индустримальдық (жұмыс берушілер) кенес отырысының күні, хаттамасының №	...
Оқу-әдістемелік кенесі отырысының кенес отырысының күні, хаттамасының №	...
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	...

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларына, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздеріне
3-қосымша

Үлгі

Құзыреттер тізімі

Құзыреттің индексі	Құзыреттің атавы
Қ 1.	...
...	...

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларына, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздеріне
4-қосымша

Үлгі

Модульдердің (пәндердің) мазмұны мен қөлемі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 19.03.2025 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыйғымен.

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқытушетижелері	Модульдер бойныша кредиттер саны	Модульдер бойныша сағаттар саны	Корытынды бақылау нысаны (емтихан/сынақ)	Кұзыреттеп индексі
Жалпы білім беретін пәндер модулі/ жалпы білім беретін пәндер							
1	Жалпы білім беретін пәндер 1.
2	Жалпы білім беретін пәндер 2.
...
		Жалпыға міндетті модульдер /жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер					
...	Жалпыға міндетті модульдер 1. (жалпы гуманитарлық пәндер 1)...
...
...	Жалпыға міндетті модульдер ... (әлеуметтік-экономикалық пәндер...)
...
Базалық модульдер/ жалпы кәсіптік пәндер							
	Базалық модульдер 1(жалпы кәсіптік пәндер 1.)						
	...						
	Базалық модульдер ... (жалпы кәсіптік пәндер ...) ...						
	...						
Кәсіптік модульдер / арнайы пәндер)							
...	Кәсіптік модульдер 1. (арнайы пәндер 1.)

...
...	Кәсіптік модульдер. (арнайы пәндер)
...
...	Аралық аттестаттау
...	Корытынды аттестаттау
...	Факультативтер
...	Консультациялар
...	Өзіндік жұмыс

Техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдары іске асыратын білім
беру бағдарламаларының
тізілімін жүргізу қағидаларына,
сондай-ақ білім беру
бағдарламаларының тізіліміне
енгізу және алып
тастау негіздеріне
5-косымша

Үлгі

Білім беру бағдарламасын алып тастауға өтінім

(білім беру ұйымының атауы)

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру тізілімінен мамандары _____
(коды, атауы), біліктілік (тер) _____
(коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын алып
тастауды сұрайды.

Қосымша:

Басшы _____ тегі, аты, әкесінің аты (болған
жағдайда)

Орындаушы _____ тегі, аты, әкесінің аты (болған
жағдайда) Ұялы телефон _____ Электрондық пошта
мекенжайы _____